



Беріктегі Гүлжанар,

Абай атындағы қазақ орта мектебінің 9 сынып оқушысы

Президент пен Астана – егіз ұғым

XV ғасырда Қазақ хандығы тарих сахнасына шықты. «Бөлінгенді бөрі жейді» дегендей, Кіші жүз орыс бодандығын қабылдап, Ұлы жүз бен Орта жүз Қоқан, Хиуа қолында болып, ақыры, саяси биліктен айрылды. Қара халық тына алмай, іштегі ащы запыранын тысқа шығаруда қаншама көтеріліс ұйымдастырды? Кенесары, Исатай, Махамбет, Амангелді секілді бабаларымыз ашынып, тәуелсіздіктің ақ таңы жолында өмірлерін қиды. 300 жыл бойы патша үкіметінің құзырында болды.

1991 жылы КСРО ыдырағанда тәуелсіздігімізді алдық. Елдің Тұңғыш президенті боп Нұрсұлтан Әбішұлының сайлануы қазақ халқының маңдайына жазылған бір бақыт еді...

Ата-әжеміз бүгінгі заманның көгі ашық, бейбіт болғанына қуанышты, ұрпақтарының келешегі кемелді екеніне бек сенімді. Өз кезеңдеріндегі қиын-қыстау күндері бізге көңілсіз, аянышты ертегідей көрінеді, олардың қинала айтқан әрбір бастан өткен оқиғалары құдды бір аңыздай, мифтей естіледі. «Сол қиын кезең қазіргі өскелең ұрпаққа көрінбегей. Әйткенмен, Нұрсұлтандай аталарыңның нұрлы жолы сендерді адастырмайды», - дейді қарияларымыз.

Елбасымыздың сындарлы саясаты арқасында «Қазақстан» атты ұлы есім әлемге мәшһүр болды.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі бүкіл қазақ халқын қуантты. Елбасымыздың есімімен түрлі білім ордалары, жоғарғы оқу орындары аталып жатыр. Мәселен, Елордамыздағы жаңа халықаралық университет ашылды. Бұнда 500 талапкерге 500 грант тағайындалған. Дағыстан Республикасында Нұрсұлтан Назарбаев атындағы мектеп есігі ашылуда.

Оңтүстік Кореяға барған сапарында университет ректоры Ки Су Ли Елбасымызға «Корея университетінің құрметті докторы» атағын берді. Вашингтонда 47 мемлекет басшыларымен өткен ядролық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ғаламдық саммитте Елбасымыз бірінші болып сөз сөйледі.

«Жер бетінде ядролық сынақтарға және жаппай қырып-жоятын қуаты бар қару-жарақтар шығаруға біржола тыйым салынуы

[Введите текст]

керектігін», - басып айтты. Сол шешілмеген түйінді шешіп, әлемді құтқарғаны үшін дипломатия сыйлығына ие болды.

Ресей сарапшысы Солобозов:

- Біздің ойымызша, Қазақстан лидері кезінде батыс демократиясының дамуына үлес қосқан Франция президенті Шарль де Голь сияқты посткеңестік кеңістікте маңызды рөл атқаруда. Қазақстан Президенті осы жиырма жыл аралығындағы ТМД елдері арасындағы ең танымал сая-саткер ретінде аталады. Президент билігінің екі он жылдық аралығында Қазақстан мемлекетінің шешуші факторы әрі оның дамуының барлық тармағындағы сенімді тірегі. Нұрсұлтан Назарбаев интеллектуалды инновациялар мен дәстүрлі беделді өзіне жинақтай білген заманауи көшбасшы эталонына айналады, - дейді. Елбасымызға шетел сарапшыларының осындай пікір айтуы – Нұр атамыздың ерен еңбегінің арқасы. Елбасымыздың лидерлігін әлем мойындады.

Биыл, яғни 2010 жылы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтас-тық ұйымының саммиті Елордамызда өтетінін естідік. Салтанат құрған Астанамыз келісім мен бейбітшілікке шақырытын орталық іспетті. Кең байтақ жас мемлекетіміздің қалаларынан үздік деп танылған және танылатын орталығымызға төрткүл дүние таңдана қарап отыр. Әлемнің тарих сахнасына шыққан Елбасымыз бен Елордамыз басты кейіпкерлер. Астанада заман ағымына сай сан алуан ғимараттар құрылысы жер-жерде жасалып жатыр. Кешендер бір - бірімен жарыса, көкпен таласуда.

Елорда символы - Бәйтеректің жолы бір бөлек... Шыңына шығып, төмен көз тікші... Тамаша.... Әдемі гүлдерден әжемнің тоқыған кестесіндей оюлар кескінделген... Су бұрқақтар кешке (күн батқанда) қызылды-жасылды түске енеді. Алып Бәйтеректің өзі де сан түрлі түстермен шамдарын жағады. Бейбітшілік пен келісім сарайы, «Думан» ойын – сауық кешені, «Хан Шатыры» ғимараты, Елбасымыздың «Ақорда» резиденциясы, «Нұр-Астана» мешіті, бәрі-бәрі бір-бірімен үндесіп жатқандай сынай танытады. Егер тағы да барсам, «Алиса ғажайыптар елінде» атты ертегідегідей Алиса секілді таңғажайып күй кешіп, 3 жыл бұрын көрген арман қаламды танымай қайран қалармын, бәлкім...

Әсем Астанамыз Елбасымыздың таңдаулы, төл туындысы. Астана мен Президент – егіз ұғым. Тарих атты өмір кітабына мәңгі алтын әріппен жазылатын, құстың қос қанатындай ажырамас есімдер. Есілдің төріне «Астана» деп қазық қаққан тұңғыш төреміздің сындарлы саясаты мен қырағы ой – ұшқырлығының арқасында еліміз мыңдаған ғасыр жасайтынына бек сенімдімін.